

По итогам первого года планируется издание электронного сборника работ студентов под редакцией научного руководителя студенческого общества, в котором будут опубликованы не только результаты работы, но и вынесены на обсуждение психолого-педагогической общественности предлагаемые методические разработки.

По итогам второго года планируется публикации результатов исследования в научно-методических журналах.

Члены НСО приняли участие в организации и проведении педагогических чтений, посвященных 80-летию со дня рождения педагога, поэта, политика Василия Амеляновича Шалабаева. Необходимо отметить доклад Фолкунорова Александра на тему «Идеи психологической разгрузки в творчестве В.А. Шалабаева», выбранный для чтения на пленарном заседании. Доклад получил высокую оценку от приглашенных на педагогические чтения гостей.

Подводя итоги, хотелось бы отметить, что современная педагогическая действительность требует от нас не только умения вести занятия, быть исследователем и публицистом, но и эрудиции, обширных межпредметных знаний. И, пожалуй, самым эффективным способом их получения является работа в гетерогенной группе, где каждый может учиться у каждого.

Список литературы:

1. Олейникова Т.Н., Крюков С.Н. Студенческие научно-исследовательские объединения как фактор педагогизации студенческого социума. - Материалы международной научно-практической конференции «Среда в образовании: Концепции и практика» - Н. Новгород, 2012. С. 123-124
2. Педагогическая антропология: Учебное пособие / Авт.-сост. Б.М. Бим-Бад. - М.: Изд-во УРАО, 1998. - 576 с.
3. Олейникова Т. Н., Крюков С. Н. Научно-исследовательская работа студентов – важный аспект профессиональной подготовки будущих специалистов. - Научно-методический журнал «Вестник КГПИ», Костанай, 2012 № 2. – С 50 - 52
4. Медицинская газета №43 – 8 июня 2005 г. Синдром эмоционального выгорания. http://medgazeta.rusmedserv.com/2005/43/article_1322.html

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ: ЖАҢАЛЫҒЫ, БОЛАШАҒЫ, НӘТИЖЕСІ

*Мусалиева Т.,
мамандығының 1-курс студенті
«Шетел тілі: екі шет тілі»,
Ы.Алтынсарин ат.Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институты
Ғылыми жетекшісі: оқытушы Бакирова Ж.М.*

Қазақстандық жалпы орта білім беретін мектеп соңғы жылдары өзінің келбетін өзгертті. Білім беруді жаңарту жүйесін қолдайтын нақты қадамдар жасалды. Олардың ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының әзірленуі және енгізілуі, кредиттік технология негізіндегі үш сатылы жоғары білім моделінің енгізілуі, вариативті білім берудің енгізілуі, білім сапасын бағалау критерийлерін әзірлеу жөнінде жұмыстар басталды. Қазіргі таңда білім саласында ең өзекті мәселенің бірі әлемдік білім кеңістігіне жол ашатын 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу болып отыр. Бұған бір дәлел Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2015 жылға дейінгі Тұжырымдамасының өмірге келуі. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым қызметкерлерінің 3 съезінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Бүгінде 12 жылдық мектеп моделі анықталды, алайда оған көшу білім

сапасының артуын өздігінен қамтамасыз етпейді, білім берудің мазмұнын қайта қарау талап етіледі және мұны бүгінгі өзінде жасау қажет» деп атап көрсетті. Мұның өзі білім беру жүйесінің алдында үлкен міндеттер тұрғандығын білдіреді [1].

12 жылдық білім берудің методологиялық негіздеріне орай, мектепте білім берудің мазмұндық жағын жаңартудың аса маңызды бағыттары мыналар болып табылады:

- оқушылардың өз бетінше білім алуға және оны практикада қолдануға, оқытудың әр түрлі саласында өз мүмкіндіктерін тануға және жақсы қасиеттерін ашуға тәрбиелеу;
- әрбір жас кезеңіндегі жаңа құрылымдарды қалыптастырып, оқу үрдісін жолға қою;
- оқу ахуалдарын кеңінен қолдану.
- оқушының жеке тұлға ретінде және іс-әрекет субъектісі ретінде мақсатты, тұрақты және дәйекті дамуына жағдай жасау;
- оқушылардың белгілі бір білімді таңдауы мен меңгеруін, олардың оқу үрдісі кезінде таңдау мүмкіндіктері мен құқықтарын қамтамасыз ету;
- оқу-тәрбие үрдісінде ынтымақтастық педагогикасының ізгі қатынастарын орнықтыру;
- білім мазмұнын барынша ізгілендіруді қамтамасыз ету;
- психологиялық білім берудің бастапқы негіздерін қалыптастыру;
- білім мазмұнының инварианттық және вариативтік компоненттерінің арасындағы гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми білімдердің диалектикалық бірлігін қамтамасыз ету;
- оқушылардың оқу жүктемесін тұрақтандыру.

12 жылдық білім беру жүйесіне көшу аясында 2004 жылы 1-ші қыркүйектен бастап көптеген Қазақстан мектептерінде эксперимент жұмыстары басталды Бұйрық № 98,05.02. 2004 ж. ҚР Білім және ғылым Министрлігі. Тиісті нормативтік құжаттарға сүйене отырып, эксперимент бағдарламасы, іс-әрекет және жұмыс жоспарлары жасалынды.

2008 оқу жылынан бастап 12 жылдық білім беруге кезең-кезеңмен көшуі басталды. Бүгінгі күні білім беру мазмұнын жаңартуды көздейтін Қазақстан Республикасының білім беру тұжырымдамасы жан-жақты талқыланып, Білім және ғылым министрлігінің алқа мәжілісінде мақұлданды.

12 жылдық білім беру технологияларының ерекшелік жағы ол жеке тұлғалық қасиеттерге бағдарланған оқыту, проблемалық бағытқа және шығармашылық сипатқа ие, оның басты бағдары-білім беру, жаңа дүниені ашу мен іздену арқылы білімді іс жүзінде қолдану, баланың жалпы арнайы қабілеттерін дамыту, білім, біліктерді игеру мүмкіндіктерімен оларды қолдану жолдарын көрсетеді.

12 жылдық мектепке енгізілген бейіналды және бейіндік дайындық оқушының өз қабілеті мен өмірлік құқығына сәйкес өзін-өзі кәсіби анықтауында, болашақ кәсіби қызметін саналы да жауапты таңдауына едәуір тиімді дайындыққа қол жеткізуде олардың әллеуметтендірілу мүмкіндігін кеңейтеді.

12 жылдық мектепке көшу жағдайында оның құрылымы оқытудың мақсаты мен міндеттерінің арасындағы байланысты, әрбір жас сатыларында оқушыларды тәрбиелеу мен дамытуды олардың психологиялық, физиологиялық және жас ерекшеліктерне қарай қамтамасыз етуге тиіс.

Тұжырымдаманың мақсаты — 12 жылдық мектеп жайында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру жүйесін жаңарту жолдары мен дамыту стратегиясын айқындау.

Тұжырымдаманың міндеттері:

12 жылдық мектептегі білім беру мақсатын, міндеттерін, құрылымын, мазмұнын және оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін атап көрсету;

12 жылдық білім беруге көшудің қаржылық-экономикалық негіздемесін дайындау;

Осы Тұжырымдаманың күтілетін нәтижелерін анықтау.

Тұжырымдама төмендегі бөлімдерден тұрады:

Әлемдік үрдістер мен отандық тәжірибелерге сүйене отырып, 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшудің негіздемесі [2].

12 жылдық жалпы орта білім берудің мақсаты мен күтілетін нәтижелері:

- Жалпы орта білім беру құрылымы.
- Білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі бағыттары.
- Білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері.
- Педагогикалық кадрлар.
- Білім берудің күтілетін нәтижелерін бағалау жүйесі.
- Жалпы орта білім беру жүйесін басқару.
- 12 жылдық жалпы білім беру тұжырымдамасын іске асыру жағдайлары.

12 жылдық білім беру, оқыту – тәрбие әрекетінің мазмұнын заман талабына сай жаңарту негізі – үнемі іздену, өз білімдерін үнемі тереңдету деп білеміз. Жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту және жан-жақты дамуына жағдай жасау мақсатында авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер жасалды, ата-анамен қарым-қатынаста ізгілікті педагогиканы негіз етіп, ортақ тіл, тығыз байланыс орнатылды.

12 жылдық жалпы орта білім беру үш сатыдан тұрады

1-саты – жалпы бастауыш білім беру (1-4- сыныптар – бастауыш мектеп)

2-саты – негізгі орта білім беру (5-10-сыныптар – негізгі мектеп)

3-саты – жалпы орта білім беру (11-12-сыныптар – жоғарғы мектеп)

ҚР «Білім туралы» Заңында атап өткендей, білім беру жүйесінің негізгі міндеті: бала тұлғасының рухани, дене қабілеті мүмкіндіктерін ашу, оқыту, тәрбиелеу, өзіндік келбетін дамыту, ақыл-ойын байыту болып табылады.

Осыған байланысты эксперименттің мақсаты жылдам өзгеріп отыратын қоғамда лайықты өмір сүріп, жұмыс істеуге ой – өрісі, еркі, қабілеті, дербес бәсекелілігі бар тұлғаны қалыптастыру. Белсенді тұлғаның оңтайлы дамуы тиімді өту үшін, әрбір тұлғаға оның шындықтағы мүмкіншіліктері мен табиғи сұраныстарының арасында тепе-теңдік орнататындай ерекше даму жолдарын қарастыру басталды, себебі бұл ортада тұлға тек қана білім алмайды, ол сол білімді өзі тауып, ақпараттық құзыреттілігі қалыптасады, өмірде өзінің тәжірибе негізінде қолдана алады, яғни проблеманы шешу құзыреттілігі дамиды және басқаға үйрете біледі де өзі де үйренеді, бұл коммуникативтік құзыреттіліктің белгісі.

12 жылдық мектептің басты ерекшелігі – баланың жан-жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, әр адамға табиғатынан берілген шығармашылық әлеуетін толық іске асыруына ықпал ететін, өзін-өзі танып, келешегін айқындауға саналы түрде дайын болуға, қоғамның экономикалық, мәдени, саяси, өміріне белсенді араласуға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық институт қалыптасуы қажет.

12 жылдық мектептің тағы бір ерекшелігі – оқу жылының басында барлық оқушылар портфолио жүргізе бастайды. Бұған дейін оқушының еңбегі алған білім көлеміне қарай бағаланып келсе, енді оның білім алу процесіндегі жетістігі жас және жеке ерекшелігіне байланысты өмір сүрген ортасына бейімделуіне, жинаған тәжірибесіне қарай икемделуіне, құзырлық негізінде қалыптасқан қабілетіне, білім мазмұнының рухани қажеттілігіне қарай игере білуіне орай бағаланатын болады. Портфолио дегеніміз – білім алушының білім саласындағы жетістіктерінің жинағы. Мұнда оқушының өзінің маршруттық беті бойынша жетістіктері, яғни жетістіктер парағы, ілгерілеу кестесі, шығармашылық жұмыстары, нәтижелері жинақталады. Портфолио жүргізудің нәтижесінде оқушылар білім, білік дағдыларын бақылауға үйрене бастады, пәнге деген қызығушылығы артады, бала, мұғалім, ата-ана қарым-қатынасы нығаяды, бақылау жұмысынан анықталған нәтижелерді бақылап отыруға ықпал етеді, оқушылардың ғылыми дүниетанымын, шығармашылық қабілеттерін, ынтасын дамытады. Оқушылар портфолио безендіру, толтыру жұмыстарын қызыға орындады және өз біліміне баға беру, өз жетістігін көре білуді үйренді. Бүгінде оқушылар мен мұғалімдер портфолионың үш түрін қолданады: жеке жетістіктер портфолиосы; пән портфолиосы; зерттеу жұмыстарының портфолиосы [3].

Қорытындыдай келе, қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамыған кезінде оқу-білімнің, соның ішінде болашағымыз – бүгінгі мектеп оқушысының білімі мен тәрбиесі маңызды мәселе. Еліміздің әлеуметтік экономикасының дамуына өзіндік үлес қоса алатын, өзіндік ой-пікірі бар, жан-жақты дамыған, білімді де білікті, бәсекеге қабілетті

тұлғаны яғни біз- жастарды, тәрбиелеу-аса құрметті қоғамдық міндет. Себебі, ел тұтқасын жан-жақты ұрпақ қостаған шақта ғана өркениет алға дамымақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 12 жылдық мектептің негізгі орта буынының білім мазмұны. 2006ж 3-10 бет
2. Қазақстанның білім туралы заңы. Астана 2004 ж
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы./// Қазақстан мұғалімі 20 қаңтар. 2004ж 3-4 беттер

КОМПЕТЕНЦИЯ И КОМПЕТЕНТНОСТЬ ДИЗАЙНЕРА XXI ВЕКА

Омельченко К. П., студент

2 курс, специальность:

*Изобразительное искусство и черчение, КГПИ
Байкенова С. Ж., магистр педагогических наук,
преподаватель кафедры искусств, г.Костанай,*

Профессия дизайнера появилась относительно недавно в 30-е года XXI века. Однако это не означает, что прежде не было людей, выполняющих функции дизайнера. Во все времена были различного рода ремесленники, зачастую охватывающие более широкий круг деятельности, чем современные дизайнеры. С развитием индустриального производства в XIX в. всё больше внимания уделяется внешнему виду продукции, удобства её в эксплуатации. В результате появляется необходимость в людях, специализирующихся на проектно-художественной деятельности. С этого времени берет свое начало развитие дизайнерской профессии, появляются узкопрофильные специалисты. Именно поэтому данная профессия существует в таком разнообразии видов: дизайнер полиграфии, ландшафта, интерьеров, веб-дизайн, дизайнер одежды, текстильный дизайн и т.д.

Одним из ключевых критериев в работе дизайнера является его компетенция и компетентность. Компетенция – это знания и опыт в определенной области, круг вопросов, в которых кто-либо хорошо осведомлен. Это внешнее требование к образовательной подготовке дизайнера. Другое понятие – компетентность, т.е. наличие знаний и опыта, необходимых для эффективной деятельности в заданной предметной области. Однако компетентность не сводится к знаниям, умениям и навыкам, хотя и проявляется в них[1, с.143].

Под компетенцией понимается обобщающий термин, используемый для обозначения совокупности результатов обучения и элементов содержания: знаний, умений, навыков и опыта. Это внешнее социальное требование к образовательной подготовке будущего дизайнера, необходимой для его успешной продуктивной деятельности в определенной сфере.

Выработано общее смысловое поле складывающейся концепции компетентности, включающее в себя понимание того, что компетентность: относится к личности обучаемого (студента); не сводится к знаниям, умениям и навыкам, хотя и проявляется в них; может развиваться и, соответственно, диагностироваться в специальном образом организованной учебной деятельности студентов, имитирующей профессиональную[2].

Компетентность формируется, развивается и совершенствуется в процессе ее осуществления. Формулирование компетентностей дизайнера достаточно сложный и субъективный процесс, но тем не менее можно смело выделить такие качества обладания художественным вкусом, чувством стиля и композиции, проявление творческого подхода, художественных и графических способностей. Знание компьютерных программ в настоящее время является ведущим в деятельности дизайнера. Кроме того любой дизайнер безусловно должен отличаться креативностью, оперативностью, ответственностью, самокритичностью.